

Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізуді қосымша реттеу туралы қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Рудный қаласы мәслихатының 2016 жылғы 4 мамырдағы № 18 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 18 мамырда № 6379 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Рудный қаласы мәслихатының 2020 жылғы 25 тамыздағы № 510 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды – Қостанай облысы Рудный қаласы мәслихатының 25.08.2020 № 510 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы" 1995 жылғы 17 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына сәйкес мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу мақсатында қоса беріліп отырған жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізуді қосымша реттеу туралы қағидалары бекітілсін.

2. Мәслихаттың "Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы" 2011 жылғы 25 наурыздағы № 422 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 9-2-182 нөмірімен тіркелген, 2011 жылғы 8 сәуірде "Рудненский рабочий" қалалық газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қалалық мәслихаттың кезектен
тыс сессиясының төрағасы
Қалалық мәслихаттың хатшысы

Ю. Каралаш
В. Лощинин

Рудный қаласы әкімдігінің
"Рудный қалалық ішкі саясат

бөлімі" мемлекеттік мекемесінің
басшысы

_____ А. Жилиспаев

Мәслихаттың
2016 жылғы 4 мамырдағы
№ 18 шешімімен бекітілген

Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізуді қосымша реттеу туралы қағидалары

1. Жиналыс, митинг, шеру, пикет немесе демонстрация өткізу туралы облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органына (бұдан әрі – Рудный қаласының әкімдігі) өтініш беріледі.

2. Жиналыс, митинг, шеру, пикет немесе демонстрация өткізу туралы өтініштерді еңбек ұжымдарының, қоғамдық бірлестіктердің немесе Қазақстан Республикасы азаматтарының жекелеген топтарының он сегіз жасқа толған уәкілдері береді.

3. Жиналыс, митинг, шеру, пикет немесе демонстрация өткізу туралы өтініш оны өткізудің белгіленген датасынан кемінде он күн бұрын жазбаша нысанда беріледі. Өтініште шараны өткізу мақсаты, нысаны, өткізілетін жері немесе қозғалыс маршруттары, оның басталатын және аяқталатын уақыты, қатысушылардың ықтимал саны, уәкілдердің (ұйымдастырушылардың) және қоғамдық тәртіптің сақталуына жауапты адамдардың тегі, аты, әкесінің аты, олардың тұратын және жұмыс істейтін (оқитын) жері, өтініштің берілген датасы көрсетіледі. Өтініштің берілген мерзімі оның Рудный қаласының әкімдігінде тіркелген күнінен бастап есептеледі.

4. Рудный қаласының әкімдігі өтінішті қарайды және өтініште көрсетілген шараның өткізілетін уақытынан кемінде бес күн бұрын уәкілдерге (ұйымдастырушыларға) қабылданған шешім туралы хабарлайды.

5. Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу туралы өтініш беру кезінде осы Қағидалардың 3-тармағының талаптары сақталмаған жағдайда Рудный қаласының әкімдігі жіберілген бұзушылықтарды жаңа өтініш беру жолымен жоюды ұсына отырып, түсіндіру мазмұнындағы ресми жауап қайтарады. Жаңа өтінішті қарау мерзімі оның тіркелген күнінен бастап есептеледі.

6. Рудный қаласының әкімдігі басқа азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, қоғамдық қауіпсіздікті, сондай-ақ көліктің, инфрақұрылым объектілерінің қалыпты жұмыс істеуін, жасыл желектер мен шағын сәулет нысандарының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында, қажет болған жағдайда, өтініш жасағандарға шараны өткізудің өзге уақыты мен жерін ұсынады.

7. Жиналыстар және митингілер өткізу орындары осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес белгіленсін.

8. Шерулер және демонстрациялар өткізу маршруттары осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес белгіленсін.

9. Жиналыстар, митингілер, шерулер және демонстрациялар, сондай-ақ оларға қатысушылардың сөз сөйлеуі өтініште көрсетілген мақсатқа сәйкес, белгіленген мерзімде және келісілген жерде өткізіледі.

10. Жиналыстарды, митингілерде, шерулерді, пикеттерді, демонстрацияларды өткізу кезінде уәкілдер (ұйымдастырушылар), сондай-ақ басқа да қатысушылар қоғамдық тәртіпті сақтау қажет.

11. Шараларды ұйымдастырушылар мен оларға қатысушылардың:

1) көліктің және жаяу жүргіншілердің қозғалысына бөгет жасауына;

2) елді мекеннің инфрақұрылым объектілерінің үздіксіз жұмыс істеуіне кедергі келтіруіне;

3) Рудный қаласының әкімдігінің рұқсатынсыз киіз үйлер, шатырлар, өзге де уақытша құрылыстар тұрғызуына;

4) шараны өткізу кезінде қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуші мемлекеттік органдар өкілдерінің қызметіне кез келген нысанда араласуына;

5) жасыл желектерге, шағын сәулет нысандарына залал келтіруіне;

6) өзімен бірге суық қаруды, атыс және өзге де қаруды, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қарсы, азаматтарға және заңды тұлғалардың меншігіне материалдық залал келтіру үшін пайдаланылуы мүмкін арнайы жасалған немесе бейімделген заттарды алып жүруіне;

7) алкогольдік немесе есірткілік масаң күйде қатысуға жол берілмейді.

12. Жиналыс, митинг, шеру, пикет немесе демонстрация өткізу орындарында:

1) алкогольдік ішімдіктер ішуге, есірткі заттарды, психотропты заттарды, соған ұқсас заттарды, прекурсорларды пайдалануға;

2) мазмұны қоғамдық тәртіпті бұзуға, қылмыс жасауға бағытталған, сондай-ақ қорлайтын транспаранттарды, ұрандарды, басқа да материалдарды (визуалды, аудио/ видео), сондай-ақ көпшілік сөз сөйлеулерді қолдануға жол берілмейді.

13. Пикеттер өтініште көрсетілген мақсатқа сәйкес, белгіленген мерзімде және келісілген жерде өткізіледі.

14. Қоғамдық тәртіпті және пикет қатысушыларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында:

1) түрлі дара пикеттердің қатысушыларына анық көрініп тұрып орналасу қажет;

2) Рудный қаласының әкімдігі бір күні және бір уақытта, бір объектіде үштен аспайтын дара пикет өткізуге рұқсат бере алады;

3) пикет өткізу кезінде пикет өткізілетін объектінің алдында орналасуға, көрнекі үгіт құралдарын пайдалануға, пикеттің тақырыбы бойынша қысқа ұрандар, құлақтандырулар айқайлауға рұқсат етіледі.

15. Пикет жалғастырудың өзге нысаны (митинг, жиналыс, шеру, демонстрация) айқындалған жағдайда белгіленген тәртіппен Рудный қаласының әкімдігінен рұқсат алу қажет.

16. Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар егер:

- 1) өтініш берілмеген болса;
- 2) тыйым салу туралы шешім шығарылса;

3) оларды өткізу кезінде "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы" 1995 жылғы 17 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабында көзделген тәртіп бұзылған жағдайда, сондай-ақ азаматтардың өмірі мен денсаулығына қауіп төнетін, қоғамдық тәртіп бұзылатын жағдайда Рудный қаласының әкімдігі өкілінің талабы бойынша тоқтатылады.

17. Рудный қаласының әкімдігі өкілінің заңды талабын орындаудан бас тартылған жағдайда оның нұсқауы бойынша ішкі істер органдары жиналысты, митингіні, шеруді, пикет қоюды және демонстрацияны тоқтату жөнінде қажетті шаралар қолданады.

18. Жиналыстарды, митингілерді, шерулерді, пикеттерді және демонстрацияларды ұйымдастыру мен өткізудің белгіленген тәртібін бұзған адамдар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауап береді.

19. Жиналыстарды, митингілерді, шерулерді, пикеттерді және демонстрацияларды өткізу кезінде оларға қатысушылардың азаматтарға, қоғамдық бірлестіктерге, мемлекетке келтірген материалдық залалы үшін заңда белгіленген тәртіп бойынша өтем жасалуға тиіс.

20. Жиналыс, митинг, шеру, пикет және демонстрация өткізу кезінде, оның ішінде қоғамдық тәртіпті сақтау, үй-жайлар беру, санитарлық тазарту, жарық беру және техникалық қамсыздандыру жөніндегі барлық қосымша шығындарды оларды ұйымдастырушылар өтейді.

Жиналыстар, митингілер,
шерулер, пикеттер және
демонстрациялар өткізуді
қосымша реттеу туралы
қағидаларына 1-қосымша

Жиналыстар және митингілер өткізу орындары

1. Рудный қаласы, Ленин көшесі бойындағы Орталық алаң.

2. Рудный қаласы, Космонавтов даңғылында орналасқан Ұлы Отан соғысы батырларының даңқ ескерткішіне іргелес аумақ.

3. Рудный қаласы, Парковая көшесінде орналасқан Қалалық мәдениет және демалыс саябағындағы би алаңы.

4. Рудный қаласы, Ленин көшесінде орналасқан Мұзды спорт сарайына іргелес аумақ.

5. Рудный қаласы, И. Франко көшесінде орналасқан В. И. Лениннің ескерткіші алдындағы аумақ.

6. Қашар кенті, 1-шағын ауданындағы Жеңіс Аллеясы.

Жиналыстар, митингілер,
шерулер, пикеттер және
демонстрациялар өткізуді
қосымша реттеу туралы
қағидаларына 2-қосымша

Шерулер және демонстрациялар өткізу маршруттары

1. Рудный қаласы, Ленин көшесі мен Космонавтов даңғылының қиылысынан бастап Космонавтов даңғылы бойынша Космонавтов даңғылы мен Парковая көшесінің қиылысына дейін.

2. Рудный қаласы, Горняков және Мира көшелерінің қиылысынан бастап Мира көшесі бойынша Мира және Ленин көшелерінің қиылысына дейін;

3. Рудный қаласы, 40 лет Октября және Дзержинский көшелерінің қиылысынан бастап 40 лет Октября көшесі бойынша 40 лет Октября және Ленин көшелерінің қиылысына дейін;

4. Қашар кенті, 1-шағын аудандағы Жеңіс Аллеясы.